

ӘОЖ 81'271; 82.085; 808.5

Г. Ермекбаева

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 2-курс магистранты, Алматы, Қазақстан

Коммуникация түсінігі және әлеуметтік коммуникацияның қазіргі қоғамдағы рөлі

Аңдатпа. Мақалада автор коммуникация ұғымына түсініктеме береді. Ақпараттық технологияның бүгінгі таңда қоғам санасын қалыптастырудағы орны туралы пікірлер айтады. Ғаламтор желілерінің жаһандық деңгейде дамуы, оның тек бір мемлекеттің ғана емес, әлемнің тұтастығына жасайтын ықпалы, пайдасы мен тигізер зияны туралы мәселелер көтереді.

Түйінді сөздер. Мультимедиалық ұғым, әлеуметтік коммуникация.

Бүгінде ғылыми технологияның қарыштап дамыған дәуірінде коммуникация ұғымы көпшілікке таңсық емес, санаға сіңісті түсінік болып кеткен. Латын тілінен енген бұл терминнің аудармасы - *communicatio* - жалпы жасаймын, байланысытырамын деген мағынада келеді. Ал жалпы кең мағынада әртүрлі ақпаратты қабылдау және тарату мүмкіндігі бар қарым-қатынас тәсілдері деп түсіндіре кетсек те болады. Коммуникация тек бірнеше гуманитарлы пәндердің объектісі ретінде ғана емес, сондай-ақ нақты ғылымдардың объектісі екендігін білуіміз қажет.

Күнделікті тіршілігіміздегі, қоғамдық-әлеуметтік ортадағы адамдардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, тіптен ауызша сөйлесуінің өзі коммуникацияның алғашқы формаларының бірі болып саналады. Біздің күнделікті өмірімізде коммуникацияның бұл түрі жиі қолданылады. Бұл жерде коммуникация тікелей болғандықтан мұнда ең алдымен ауызекі тіл қолданысқа түседі, бейвербалды амалдар, яғни мимика, ым, ишаралар сөзбен теңдей дәрежеде молынан қолданылады. Мәселен, бас изу – белгілі бір нәрсемен келісуді білдірсе, таңғалу – иығын көтеріп, аузын ашуды білдіреді т.б. Күнделікті өмірде мұндай бейвербалды амалдарды көптеп кездестіреміз. Бұл контактілі қарым-қатынастың негізгі ерекшелігі. Және де сонымен қатар тікелей қарым-қатынаста уақыт пен кеңістік факторы және «көз контактісі» бірлікте көрініс береді. Көз контактісі – коммуниканттың бір-біріне деген көзқарасы, олардың ішкі жай-күйінің жағдайы. Мысалы, көзін ары-бері жүгіртіп сөйлеу – коммуниканттың өзіне деген сенімсіздігін көрсетеді. Осы ретте зерттеуші лингвист Л.П. Буева: «Личный контакт обла-

дает большой силой эмоционального воздействия, внушения, в нем непосредственно действует социально-психологический «механизм» заражения и подражения» деп тұшымды пікір айтады [1, 447].

Тарихи жағынан коммуникация туралы ілім ағартушылыққа қарай өрлейтін қоғамдық шарт доктринасына қарама-қарсы қалыптасты. Коммуникация теориясын жақтаушылар қатарында К. Ясперс, Б. Больнов, Э. Мунье секілді теоретиктер қоғамдық шарт ұғымын контракт, мәміле деп атап көрсетеді, бұл мәмілеге қатынасушылар екі жаққа бірдей міндеттемелермен шектелген: олар бір-бірін осы міндеттемелерге сай, яғни абстрактілі, бейнесіз түрде ұғынады. Шарт дегеніміз – адамдардың іс жүзіндегі бытыраңқылығында жатқан байланыс. Ал коммуникация шартқа қарама-қарсы, саналы түрде орнатылатын өзара тәуелділік ретінде қарастырылады. "Контрактының орнына жанасым" (Ф. Кауфман). Коммуникация орнатудың құралы пікір-сайыс деп жария етті [2, 344].

Әлеуметтік коммуникация деп қоғамда әлеуметтік маңызды бағалармен нақты жағдайлар, коммуникативті салалармен қарым-қатынас нормалары бекітілген адамдардың коммуникативті іс-әрекеттерін айтамыз. Бүгінгі күні коммуникациялық принциптегі ең ұшқыр форматтағы интернет немесе жаһандық желі тек ақпаратты (мәліметті) жеткізу құралы ғана емес, сондай-ақ дүние әлеміндегі адамның бағыт-бағдарын айқындап отыратын маңызды құралдардың бірі болып саналады. Осыған сәйкес адам өмірінің қарқынды ырғағына үнемі сәйкес болып отырады. Адам желі арқылы пайдалы ақпараттарды аша алады, өмірлік серігін, саяхатқа

шығатын жолсерігін табады, ұтымды сатып алу, сату әрекеттері болады, жұмыс жасап пайда табады, әскери келіміс-шарт жасайды, әйгілі немесе танымал болады, қызығушылық мүдделері ортақ жандармен сұхбаттаса алады т.б. Адамның осылайша түрлі әлеуметтік желілер жүйесі арқылы ықпалдасуы, тікелей қатыстылығы әртүрлі білім мен ғылым саласындағы зерттеушілердің қызығушылығын тудырып жатады.

Компьютерлік желілердің ақпарат алмасуға арналған бүкіләлемдік қауымдастығы, бір-бірімен телекоммуникация арналары (телефон, радио, жасанды жер серігі көмегімен байланыс) арқылы мәлімет алмасатын әртүрлі аймақтағы компьютерлік желілердің біріктірілген торабы интернет деп аталады.

Қазіргі біздің контекстіміздегі «ғаламдық» ұғымы теориялық және практикалық дәстүрімізде бұрыннан бар интернационалдық, әлемдік және планетарлық бұқаралық коммуникация құралдары деген түсінікті ығыстырып шығарды. Коммуникация тарихы – бұл жаңа техникалық байланыс құралдарының, оның ішінде спутниктік байланыс құралдарының, ақпаратты жолдау арналарының, ғаламдық ақпараттық желілерінің, трансұлттық мультимедиялық құрылымдарының даму тарихы.

Осы кезеңге дейін белгілі бір дәрежеде шектеулі ақпараттық шеңберде өмір сүріп, өзгерден саяси, тілдік, мәдени, идеологиялық, әлеуметтік әрі психологиялық түрғыдан да, техникалық-коммуникациялық және басқа да тұсаулармен тұйықталған ұлттар мен халықтар жаңа дәуірдің жаңа ғылыми жетістіктерімен танысып, сана көкжиегін кеңейте бастады. Адамзат тарихында тұңғыш рет тек бір аймақтық шеңберде ғана емес, жалпы планетарлық коммуникативті-қызмет жүйелері қалыптастырудың мүмкіндігі пайда болды. Прогресс пен технология арқасында адамзаттың таным көкжиегі кеңейе түсті. Жаһандық бұқаралық ақпарат құралдарының пайда болуы қазіргі мәдениет сипатын ғана емес, сонымен қабат реалдылық сипатын да анықтап берді, тіпті реалдылықтың орнын виртуалдылық басып ала бастады.

Ғаламдық коммуникациялық кеңістік әлемдегі философияның, әлеуметтанудың, психологияның мәдениеттанудың, журналистиканың және техникалық ғылымдардың өрістеуімен, ілгерілеуімен тығыз байланысты. Жаңа коммуникациялық жүйелердің пәрменді ықпалы нәтижесінде «реалды виртуалдылық» мәдениеті дүниеге келді. Виртуалды әлем билігі адамзат санасының типін, рухани әлемін, құндылықтар

мен әлеуметтік қарым-қатынас жүйелерін өзгерте бастады. Виртуалды дизайн адамның психофизиологиялық жүйесін қайта құруға ден қойып, ақпаратты бивербалды сипатта алуға дағдыландыруда, ой-санасы мен коммуникациясын логикалық конструкцияға емес, энергетикалық кванттарға, визуалды образ-бейнелерге бейімдеуде. Сайып келгенде, ақпарат көлемінің, оның таралу жылдамдығының күрт арта түсуі адамның социумға, басқару құрылымдарына қарайлата бастайды.

Коммуникацияның гуманитарлық-әлеуметтік саласы қоғамдағы адамдар коммуникациясын өз зерттеу нысанына алып қарастырады. Оның объектісі – әлеуметтік коммуникация. Коммуникология – бүкіл коммуникация тармақтарын жинақтайтын ғылыми жүйе. Ол – қоғамдағы, табиғаттағы және техникалық жүйелердегі жалпылық мәні бар коммуникациялар жөніндегі интегративті ғылым. Коммуникология өз бойына әлеуметтік-гуманитарлық, жаратылыстық-ғылыми және техникалық білім кешенін жинақтайды. Сонымен қатар коммуникологияға әлеуметтік коммуникация теориясы, био және зоокоммуникациялар теориясы, сонымен қабат техникалық ғылымдар коммуникациясының теориясы кіреді.

Біздің қоғамдағы қатынастар әлеуметтік коммуникация деп ұғынуымыз керек. Коммуникация – бұл жанды және жансыз табиғат жүйесі арасында ақпарат алмасу барысындағы байланыс. Адам санасы қамтитын жаратылыс, табиғат әлемі. Қазіргі журналистиканы, масс-медиа құбылысын ақпараттық қоғам, ноосфера және ноосфералық өркениет, ақпараттық кеңістік және киберкеңістік, ақпараттық орта, виртуалдық реалдылық контекстінде қарастыру керек. Адам санасы қамтитын жаратылыс, табиғат әлемі және бар. Ғаламтор осы бұқаралық аудиторияны өзіне қаратуы жағынан еш ақпарат құралын алдына салар емес. Мұндай жылдамдық бұқаралық коммуникация және ақпарат құралдары тарихында әзірге болып көрген емес.

Бүгінгі таңдағы үлкен мәселелердің бірі осы кабельдік-спутниктік телевизияға, видео және компьютерлік тораптарға жай ғана эфирлік хабарлардың ауқымы кеңеюі ретінде ғана бағаламай, оның тереңіне бойлау керек екендігін түсініп, жете зерттеу жайы болып отыр. Осы аталғандардың енді өзіндік бет-ажары айқындалған бұқаралық коммуникация құралдарына айналғанын ұғынсақ та, олар осы күнге дейін зерттеуші теоретиктер еңбектерінде лайықты деңгейде зерттелмей отырғаны ақиқат. Әрине,

оған біршама уақыт күшінің талап етілетінін де қаперде ұстауымыз керек. Зерттеушілер осы күнге дейін медианың хабар таратушы және басылым форматындағы дәстүрлі түрлерін зерттеуді місе тұтуда. Олар, әлбетте, тиісті теориялар мен модельдердің тұрпатына жараса кетеді. Егер жаңа реалдылықтан біз осылайша сырт айнала беретін болсақ, біз қазіргі бұқаралық коммуникация теориясының құнды бір бөлігінен көз жазып қалуымыз да әбден мүмкін.

Өнер, әдебиет және ғылымның ұшан-теңіз әлеуеті тек кітапханалар мен мұражайларда ғана сақталмайды. Медицина мен әлеуметтік сервис интерактивті режимде жүзеге асырылады. Осының бәрі электронды магистраль арқылы жедел іске қосылады. Шағын фирмалардың өзі электронды тәсілмен әлемнің түкпір-түкпірінен тапсырыс ала алады. Әрбір тұтынушының өз үйінде отырып банкпен, дүкенмен қарым-қатынас жасауға толық мүмкіндігі бар. Мемлекеттік мәні бар ақпаратты тікелей немесе жергілікті кітапхана желісі арқылы ала алады. Мемлекет мекемесіндегі қызметкерлермен байланыса алады. Сонымен қатар мемлекеттік, іскерлік құрылымдармен электронды әдіспен ақпарат алмаса алады. Қағаз-бастылық, бюрократизм, шенеуніктер тегеуіріні азаяды.

Коммунология терминін қазақ тіліне тікелей аударатын болсақ, қатынас туралы ғылым, коммуникация тану болып шығады. Техникалық қатынас болған жерде өркениет ілгері басады, қоғам құрылымы кемелденеді. Осыдан келіп коммуникация құралдарының әрі технологиялық-өркениеттік, әрі мәдени-тілдесу функциялары өріліп шығады. Коммуникация арқылы біз әлемді танымыз, әлем бізді таниды. Яғни екі жақты танымдық процесс жүріп отырады. Белгілі бір дәрежеде түсінсу, ұғысу процесі дамиды. Оның бәрі қазір тікелей тілдесу, көзбе-көз сөйлесу арқылы емес, дистанциялық информация алмасу түріне аударылып барады. Ақпарат алмасу тек сананы ғана өсіріп қоймайды, сұрыптау, іріктеу механизміне іске қосады (бұл да – қорғандың, сақтанудың бір парасы). Оның үстіне мемлекеттердің экономикалық, саяси, ғылыми-технологиялық, ақпараттық әлеуеті бір іс-шараға жұмыла бастайды.

В статье автор дает пояснение о коммуникациях сегодняшнего мира. Приводит пример информационных технологий, высказывает свое мнение об их влиянии на общество. Поднимается вопрос о развитии Интернета на уровне медиа глобализаций, о добре и зле Интернета, его воздействии на будущее страны.

In this statue the author gives the definition of nowadays communication.

She gives the example about informational technologies, gives her opinion about there influence on society. She says about developing the Internet on the high level of Media globalization, thinking about advantages and disadvantages of Internet and his influence on the future of the country.

Әлеуметтік коммуникация эволюциясы дегеніміз – ол әртүрлі ақпарат пішіндерін өндіру мен таратудың пайда болуы мен бірте-бірте дамуының тарихы. Петроглифтен әліпбилік жазуға, кептер тасымалдайтын пошта, қоңырау дабысынан телеграф пен мобильді байланысқа дейін. Бұл рецепинеттің (лат. *recipens* – алушы, қабылдаушы) өзінің өзгеріске ұшырауы, адамдардың ақпаратты қажет етуі; бұл коммуникациялық институттар ажарының әрленуі – кітапханадан, газет пен баспалардан бастап жарнама агенттіктері мен паблик рилейшнз институттарына шейін. Саналы жандар арасындағы коммуникацияның жетілуі – бұл, әлбетте, бір жағынан пікір алысу – кітап оқу, оңаша шүйіркелесуден өрбіген электронды пошта интерактивтілігі. Сайып келгенде, әлеуметтік коммуникация тарихы – бұл өркениет пен мәдениет категорияларының орнығуы.

Әлеуметтік коммуникация типологиясында оның түрлері әртүрлі қоғамдық сала бойынша және кәсіби қызметке қарай, сонымен қатар экономика, саясат, әлеуметтік сала ерекшеліктерін еске ала жіктеледі. Мәселен, өндіріс, сауда-саттық, финан-қаржы қызметімен байланысты бизнес-коммуникация түсім алуды, табыс табуды көздейді. Саяси коммуникациялар саяси билікке ұмтылу үдерісімен тығыз сабақтасып жатыр. Коммуникацияның әлеуметтік салалары адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігімен қабысып жатады. Ғылымдағы коммуникация, ұжымдардағы немесе ұйымдастырушы коммуникация. Ал жалпы осы ретте әлеуметтік коммуникацияның адам санасының, оның психологиялық жағынын жетілуінде, ой-санасының өсуінде, қоғамдық қатынастарды реттеуде бүгінгі күнгі әлеуметтік қоғамда маңызды рөл атқаратынын есте ұстауымыз керек.

Әдебиеттер

1 Буюева Л.П. Общение. Философский энциклопедический словарь/Под. ред. Л.Ф. Ильичева, П.Н. Федосеева, С.М. Ковалева, В.Г. Панова. – М., 1983. – С. 447.

2 Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2007. — 344 б.